МРНТИ 06.71.07
УДК 631.15

DOI 10.58319/26170493_2026_3_82

ӨҢІРЛІК АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕННІҢ РЕСУРСТЫҚ ӘЛЕУЕТІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЭКОНОМЕТРИЯЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ НЕГІЗІНДЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Иманбаев А.А.*[1], Балабекова Д.Б.[1], Таскулова Г.М.[1]

[1]Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан

АҢДАТПА. Мақалада өңірлік агроөнеркәсіптік кешеннің ресурстық әлеуетін бағалау және эконометриялық модельдеу негізінде стратегиялық басқару тиімділігін арттыру мәселелері қозғалды. «Ресурстық әлеует» ұғымына ғылыми тұрғыда зерттеулер жүргізіліп, еліміздің агроөнеркәсіптік кешеннің қазіргі даму деңгейіндегі ресурстар әлеуетіне талдаулар жүргізілді, оның ішінде: материалдық-техникалық базаның тозуы, қаржылық ресурстардың жеткіліксіздігі және инновациялық үдерістердің баяу жүзеге асып жатырғандығы дәйектелді. Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуда негізгі кедергілердің бірі қаржылық ресурстардың шектеулі болуыныңда маңыздылығы көрсетілді. Мәселелерді шешу бойынша агроөнеркәсіптік кешенді және оның құрамдас бөліктерін дамытуға бағытталған өңірлік бағдарламаларды іске асыру бойынша перспективалық бағыттар қарастырылды.

Аталған мәселелер бойынша шетелдік тәжірибелерге талдаулар жасалып, авторлар тарапынан ресурстық әлеуетті дамытудың әдістемелік жолдары ұсынылып, көпфакторлы регрессиялық модель ұсынылды.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: агроөнеркәсіптік кешен, ресурстық әлеует, инновация, стратегиялық басқару, өңірлік даму, экономикалық өсу.

Повышение эффективности стратегического управления ресурсным потенциалом регионального агропромышленного комплекса на основе оценки и эконометрического моделирования

Иманбаев А.А.*[1], Балабекова Д.Б.[1], Таскулова Г.М.[1]

[1]Центрально-Азиатский инновационный университет, Шымкент, Казахстан

АННОТАЦИЯ. В статье рассматриваются вопросы оценки ресурсного потенциала регионального агропромышленного комплекса и повышения эффективности стратегического управления на основе эконометрического моделирования. Понятие «ресурсный потенциал» исследовано с научной точки зрения, а также проанализировано его состояние в агропромышленном комплексе страны на современном этапе развития отрасли. Выявлены такие проблемы, как износ материально-технической базы, недостаточность финансовых ресурсов и низкие темпы внедрения инноваций. Показано, что ограниченность финансовых ресурсов является одним из ключевых препятствий развития агропромышленного комплекса. Для решения выявленных проблем рассмотрены перспективные направления реализации региональных программ, направленных на развитие агропромышленного комплекса и его составных частей.

Проведён анализ зарубежного опыта по данным вопросам, а также авторы предложили методические подходы к развитию ресурсного потенциала и представили многофакторную регрессионную модель.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: агропромышленный комплекс, ресурсный потенциал, инновации, стратегическое управление, региональное развитие, экономический рост.

Enhancing the efficiency of strategic management of the resource potential of the regional agro-industrial complex based on assessment and econometric modeling

Imanbayev A.A.*[1], Balabekova D.B.[1], Taskulova G.M.[1]

[1]Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan

ABSTRACT. The article addresses the issues of assessing the resource potential of the regional agro-industrial complex and improving the efficiency of strategic management based on econometric modeling. The concept of "resource potential" is examined from a scientific perspective, and its current state in the country's agro-industrial complex is analyzed at the present stage of industry development. The study identifies such problems as the deterioration of the material and technical base, insufficient financial resources, and low rates of innovation adoption. It is demonstrated that the limited availability of financial resources is one of the key obstacles to the development of the agro-industrial complex. To address the identified problems, promising directions for the implementation of regional programs aimed at the development of the agro-industrial complex and its components are considered.

An analysis of international experience on these issues is conducted, and the authors propose methodological approaches to the development of resource potential and present a multifactor regression model.

KEYWORDS: agro-industrial complex, resource potential, innovation, strategic management, regional development, economic growth.

КІРІСПЕ. Ұлттық экономика мен оның өңірлерінің қарқынды дамуы импортты алмастыру саясатын тиімді жүзеге асырумен және елдің экономикалық өсімін қамтамасыз етумен тығыз байланысты. Бұл үдерістер агроөнеркәсіптік өндірісті жаңартылатын ресурстармен қамтамасыз етудің заманауи жүйесін қалыптастырусыз және оны жетілдірусіз мүмкін емес. Аталған жүйе, өз кезегінде, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші мәнге ие.

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің қазіргі жағдайы бірқатар жүйелі мәселелермен сипатталады. Олардың қатарына өндірістік-техникалық базаның ескіруі, инвестициялық тартымдылықтың төмендігі және бәсекелестік ортаның жеткілікті деңгейде дамымауы жатыр. Бұл мәселелерді жетілдіруіміз маңызды, себебі өңірлік агроөнеркәсіптік кешен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы субъектілері халық тұтынатын өнімдердің 70 пайыздан астамын және жалпы өнімнің шамамен үштен бірін өндіреді. Бұл мәселелер мемлекеттік деңгейде де өзекті мәселе ретінде қарастырылып келеді [1,2].

Өңірлік өндіріс құрылымындағы теңгерімсіздіктерді азайту және облыс экономикасының үйлесімді дамуына қол жеткізу үшін агроөнеркәсіптік өндірісті инновациялық тұрғыда дамыту ерекше маңызға ие. Бұл мәселелер ішінде ғылыми-техникалық әлеуетті күшейту, заманауи инновациялық технологиялар мен бәсекеге қабілетті өнімдерді әзірлеу, сондай-ақ салаға инвестициялар тарту қажеттілігі туындайды. Бұл жөнінде Алимкулова Ш.И., Тажибаев С.Д., Танатова С.О. Жамбыл облысының ресурстар әлеуетін инновациялық

дамыту жайында зерттеулер жүргізген [3]. Агроөнеркәсіптік кешенді инновациялық даму траекториясына көшіру қажеттілігі кезінде өңірлік деңгейде ресурстық әлеуетті қалыптастыру мен дамытудың теориялық және әдіснамалық негіздерін жетілдіру маңыздылықты арттырады.

Мұннан біз, зерттеудің негізгі мақсаты ретінде – аймақтық агроөнеркәсіптік кешеннің ресурстық әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың теориялық және әдістемелік қағидаларын әзірлеуді жатқыздық. Мақсатқа жету үшін өңірлік агроөнеркәсіптік кешеннің ресурстық әлеуетін дамытуға қатысты тұжырымдамалар мен оның тәсілдерін зерттеу, қазіргі үрдістер мен экономикалық үлгілерді талдау, сондай-ақ орта мерзімді кезеңге арналған экономикалық өсу перспективаларын бағалаудың әдістемелік негіздерін қалыптастыру міндеттерін қойдық.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық базасында неоклассикалық және институционалдық экономикалық теориялардың негізгі қағидаларын қарастырдық, сондай-ақ жұмыста отандық және шетелдік жетекші ғалымдардың еңбектері пайдаланылып, өңір экономикасы мен аграрлық азық-түлік секторының даму заңдылықтары мен негізгі үрдістері талданды.

Аталған мәселе бойынша қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде белгілі бір ғылыми нәтижелер қалыптасқанымен, қазіргі жағдайда өңірлік агроөнеркәсіптік кешеннің ресурстық әлеуетін қалыптастыру мен дамыту мәселелері толыққанды зерттелді деп айтуға болмайды.

Қазіргі кезеңде аграрлық сектор ұйымдарының ресурстық әлеуетін тиімді пайдалану негізінде ауыл шаруашылығының сапалы экономикалық өсімін қамтамасыз ету, өндіріс көлемін ұлғайту және отандық өнімдердің ішкі әрі сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру өзекті міндеттердің бірі болып табылады [4]. Сонымен қатар, өңірлердің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін олардың экономикалық байланыстарын күшейту, ішкі және сыртқы факторлардың ықпалын бағалау және жалпы экономикалық тепе-теңдік жағдайын қамтамасыз ету маңызды болып саналады.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ. Бәріміз-ге белгілі, агроөнеркәсіптік кешен Қазақстан экономикасының жетекші салаларының бірі болып табылады. Бұл секторда еңбек ресурстарының шамамен 20%-ы шоғырланған, ал оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 10%-ға жуық. Қазіргі кезеңде агроөнеркәсіптік кешен елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты рөлді, әрі ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі қозғаушы күші ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ (АКК) арқылы жүзеге асырылатын қаржылық қолдау қызметтері мен тетіктері фермерлік шаруашылықтардың инвестициялық жобаларын іске асыруға, ауылдық жерлерде жаңа өндірістер ашуға және қосымша жұмыс орындарын қалыптастыруға бағытталған. Өткен жыл экономикалық және қаржылық тұрғыдан күрделі болғанына қарамастан, «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. 2025 жылы ауыл шаруашылығын қаржыландыру көлемі 522,3 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Сонымен қатар, клиенттердің қаржы ресурстарына және қызметтерге қолжетімділігін арттыру мақсатында цифрландыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылды. Компанияның тиімділік көрсеткіштері де оң серпін көрсетті, атап айтқанда, Fitch Ratings тарапынан корпорацияның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі шетел және ұлттық валютада «BBB-» деңгейінде, ал ұлттық шкала бойынша «AA+(kaz)» деңгейінде расталып, болжам «тұрақты» деңгейде деп бағаланды. Сондай-ақ 2025 жылы тәуелсіз KPMG компаниясының қатысуымен корпоративтік басқару жүйесіне диагностикалық зерттемелер жүргізген. Оның нәтижесінде корпоративтік басқару деңгейі 87%-ға жетіп, орташа көрсеткіштен (75%) айтарлықтай жоғары екені анықталды. Бұл көрсеткіш озық халықаралық тәжірибелерге сәйкестігін білдіреді және компания қызметіндегі оң өзгерістерді көрсетеді [5].

Корпорация қызметінде бизнес мүдделері мен институционалдық даму мақсаттарының теңгерімін сақтау, сондай-ақ экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді үйлесімді басқару арқылы ұзақ мерзімді тұрақты дамуды қамтамасыз етуге ерекше мән беріледі. Алдағы кезеңде корпорация агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржыландырудың қолжетімділігін кеңейту, бизнес-процестерді жетілдіру және автоматтандыру, қызметтерді цифрландыру деңгейін арттыру, микрокредиттеуді дамыту және кредиттік серіктестіктер жүйесін нығайту бағытындағы жұмыстарды жалғастыруды көздейді.

Қазіргі агроөнеркәсіптік кешен көпсалалы құрылымымен сипатталады. Оның құрамына мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы ең негізгілер қатарында болып, бұларға ықпал жасаушы ауыл шаруашылығы техникасын өндіру саласы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізатын өңдеу және өндірумен айналысатын кәсіпорындар инфрақұрылымы кіреді. Сонымен бірге бұл кешеннің тиімді қызмет етуін әртүрлі инфрақұрылымдық ұйымдар қамтамасыз етеді, олардың қатарында лизингтік компаниялар, сақтандыру ұйымдары және басқа да қаржы институттары бар. Агроөнеркәсіп кешенінің құрылымын бірнеше элементтерден тұратын өзара тәуелді жүйе ретінде қарастыруға болады және 1-суретте көрсетілді.



Сурет 1. Агроөнеркәсіп кешенінің құрылымы

Ескерту – авторлар тарапынан құрастырылды.

Суреттен байқағанымыздай, агроөнеркәсіп кешені 4 құрамдас бөліктен тұрады, олардың әрқайсысы жалпы өндірісте өзіндік маңызды рөл атқарады. Агроөнеркәсіптік кешен көмекші блок – инфрақұрылымдық

блок – бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен тікелей айналыспайтын, ауыл шаруашылығы шикізатын сатып алумен, жалпы логистикамен, тасымалдаумен, тауарлық-материалдық қорларды сақтаумен, халық тұтынатын тауарлармен саудасымен, сондай-ақ жаңа құрылыстар салумен айналысатын салалар жиынтығынан тұрады және, сайып келгенде, одан әрі ауыл шаруашылығы қызметі үшін кадрларды даярлау және тәрбиелеу қызметтеріде үлкен рөлді тұтады [6].

Агроөнеркәсіптік кешен кез келген ашық жүйе сияқты үздіксіз даму үдерісінде дамып отырады. Оның тұрақты дамуы дегеніміз – аграрлық өндіріс жүзеге асырылатын аумақтардың тәуекелдер мен белгісіздік жағдайында ұдайы өндіріс факторлары мен экономикалық өсім қарқыны арасындағы оңтайлы арақатынасты сақтай алу қабілеті. Бұл, өз кезегінде, аймақтық экономиканың тепе-теңдігін қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады [7].

«Ресурстық әлеует» ұғымы ғылыми әдебиеттерде, тәжірибелік қолданыста да кең таралғанымен, оның мазмұны әртүрлі авторлар тарапынан әрқалай түсіндіріледі. Көп жағдайда бұл термин ел деңгейінде, ірі экономикалық аймақтар мен әкімшілік бірліктерге қатысты қарастырылады. Ресурстық әлеуеттің негізгі элементтері тауарлар мен қызметтер өндірісін жүзеге асыратын кәсіпорындар болғандықтан, бұл ұғымды микро деңгейде, яғни кәсіпорындар шеңберінде қолдану да орынды. Дегенмен, кәсіпорын деңгейіндегі ресурстық әлеует мәселесі ғылыми әдебиеттерде толық әрі жан-жақты зерттелмегені байқалады [8].

Богомолова Е.В., Толстых Т.Н., Шатрова А.П. және басқада ғалымдардың пікірінше, ресурстық әлеует – экономикалық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін өзара байланысты ресурстар жиынтығы. Зерттеушілер оны ұйымның табыс табу мақсатында қолда бар тұтынылушы, сондай-ақ болашақта тартылуы мүмкін ресурстарды тиімді пайдалану мүмкіндіктер ретінде қарастырады [9–10]. Басқа авторлар Надворная Г.Г., Климчук С.В. және Смагин Б.И. бұл ұғымды материалдық, энергетикалық және ақпараттық ресурстардың, сондай-ақ оларды өндірісте пайдаланатын еңбек ресурстарының өзара байланысқан жүйесі ретінде сипаттайды. Мұнда, ресурстық әлеует ресурстардың саны, сапасы және құрылымымен анықталатын еңбек, табиғи және материалдық факторлардың жиынтығы ретінде түсіндіреледі [11–12].

Жүргізілген зерттеулер агроөнеркәсіптік кешеннің ресурстық әлеуетін түсіндіруде әсер ететін жекелеген факторларды, атап айтқанда өндірістік, еңбек және экономикалық құрамдастарды тиімді пайдалану мәселелеріне бағытталған. Бірақ, ғылыми әдебиеттерде ресурстық әлеуетті кешенді түрде қарастырып, оның құрамына техникалық, материалдық, еңбек, ғылыми-инновациялық және басқарушылық элементтерді толық біріктіретін бірыңғай көзқарастар қалыптаспаған. Бұл ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының ерекшеліктерін ескере отырып, ресурстық әлеуетті басқарудың жаңа әдістерін әзірлеу мен зерттеулерді тереңдетуді талап етеді. Кейбір авторлар оны ресурстардың қарапайым жиынтығы ретінде, басқалары өндірістің материалдық негізі ретінде қарастырса, кейбір зерттеулерде ресурстық әлеуеттің мақсаттылық сипаты жеткілікті ескерілмеген. Жалпы алғанда, ресурстық әлеует экономикалық категория ретінде ресурстарды қалыптастыру және пайдалану барысында туындайтын экономикалық қатынастарды білдіреді, ал оның тиімділігі барлық құрамдас бөліктердің өзара байланысы мен ықпалдасуына тәуелді [13–14].

Өңірлік деңгейде аграрлық өндірісті басқару мен оның даму перспективаларын айқындауда болжамдау маңызды құрал болып табылады. Болжам нақты мақсаттарды белгілемейді, керісінше, аймақтық агроөнеркәсіптік кешендегі экономикалық, әлеуметтік және ғылыми-техникалық үдерістерді талдауға, олардың даму үрдістері мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, басқарушылық шешімдерді негіздеуге және кешеннің тұрақты әрі теңгерімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Тәжірибеде болжау үш негізгі бағытта жүзеге асады: экономикалық кешеннің даму қарқыны мен жағдайын бағалау, агро кешенге кедергілердің пайда болу себептерін анықтау және олардың даму бағыттары мен мүмкіндіктерін белгілеу. Мұнда, статистикалық динамикалық қатарларды талдау барысында экономикалық мәліметтер ала аламыз, сондай-ақ өндірістік функцияларға негізделген немесе трендтік әдістер қолданамыз, олар арқылы өндіріс факторларының нәтижеге ықпалын көрсетуші модельдеуге мүмкіндіктер аламыз. Зерттеу нәтижелерінен өндірістік ресурстардың ең тиімді варианттық үйлесімін анықтай аламыз.

Трендтік модельдерге негізделген экономикалық көрсеткіштерді болжау әдістеріміз зерттеліп отырған кезеңде қалыптасқан заңдылықтар мен өзара байланыстарды болашақ кезеңдерге көшіру қағидатына, яғни экстраполяциялауға сүйенеді. Кейбір жағдайларда болжамдық модельдер құрамына зерттелетін объектінің немесе процестің ықтимал болашақ күйін сипаттайтын жекелеген элементтер енгізілуі мүмкін. Дегенмен, мұндай модельдер негізінен өткен және қазіргі уақыттағы үрдістерді бейнелейтіндіктен, олардың дәлдігі тек осы кезеңдерде анық байқалатын құбылыстар үшін жоғары болады.

Ал детерминация екі негізгі формада қарастырылады. Біріншісі – ішкі детерминация, ол экономикалық-математикалық модельдер арқылы сипатталып, салыстырмалы түрде тұрақты әрі айқын факторларға негізделеді. Бұл жағдайда зерттелетін экономикалық процестердің тренді бірөлшемді уақыт қатарлары арқылы анықталып, олардың ішкі даму заңдылықтары айқындалады. Екінші форма ол – сыртқы детерминация, ол көптеген факторлардың ықпалымен қалыптасады және оларды толық есепке алу күрделі болып табылады. Осы себепті адаптивті модельдер сыртқы факторлардың жиынтық әсерін кешенді түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Нәтижелері бойынша, өсу қисықтарына негізделген трендтік модельдер арқылы жасалатын болжам екі негізгі құрамдас бөліктен тұрады: нүктелік және интервалдық болжам. Нүктелік болжам белгілі бір уақыт кезеңінде сәйкес келетін көрсеткіштің нақты мәнін анықтауға бағытталып, ол уақыт параметрін ($t = n+1$, $t = n+2$ және т.б.) таңдалған функция теңдеуіне қою арқылы есептеледі. Соңынан, аралық болжамдарды да қарастырамыз. Мұнда, нақты көрсеткіштер мен нүктелік болжамдардың толық сәйкес келуі сирек кездесетіндіктен, болжам нәтижелері сенімділік аралығымен бірге ұсынылуы тиіс. Бұл аралық болжамдық мәннің ықтимал шектерін көрсетеді және интервалдық болжам деп аталады.

Экстраполяциялық тәсілдердер есебінде – жылжымалы орташа әдісін зерттеуге қоса аламыз. Оны түсінгенімізде, нақты деректердің ауытқуларын азайту мақсатында бастапқы мәндерді тегістелген есептік көрсеткіштермен алмастыруға негізделеді. Мұнда, белгілі бір уақыт аралығында (мысалы, жылдар бойынша) деректер топтары негізінде есептеледі, ал әрбір келесі есептеу кезеңі бір уақыт бірлігіне жылжып отырады. Зерттеу нәтижесінде уақыт қатарындағы кездейсоқ тербелістер жойылып, зерттелетін кещеннің негізгі даму тенденциясын айқынырақ көруімізге болады.

Зерттеу барысында бірнеше статистикалық және

эконометрикалық әдістер қолданылды. Атап айтқанда, сипаттамалық статистика негізінде орташа мән, стандартты ауытқу және өсу қарқындары есептелді. Корреляциялық талдау ресурстық көрсеткіштер мен агроөнеркәсіптік кешеннің нәтижелік көрсеткіштері арасындағы өзара байланысты анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, регрессиялық талдау факторлардың ықпал ету деңгейін сандық тұрғыдан бағалау үшін пайдаланылды.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ. Қазіргі таңда әлем халқының үздіксіз өсуі ауыл шаруашылығы өнімдеріне және агроөнеркәсіптік кешеннің өзге де салаларына деген сұраныстың артуына алып келеді. Дегенмен, осы кешеннің қызметіне ықпал ететін барлық факторлар барлық кезде толыққанды емес. Кейбір жағдайларда жекелеген факторлар саланың дамуына кері әсер етіп, оның тиімді қызмет етуін шектеуі мүмкін. Қарастырылып отырған ауыл шаруашылығы кешеніне әртүрлі факторларды әсер ету дәрежесі бойынша жіктейміз және мұны 1-кестеде қарастырамыз.

Кесте 1. Агроөнеркәсіп кешеніне әсер етуші факторлар

Позитивті факторлар	Теріс факторлар
Ауыл шаруашылығы өндірісінің табысты дамуы үшін әртүрлі аймақтардың климаты мен табиғи ресурстарының әртүрлілігі	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін материалдық-техникалық ресурстар мен шикізатқа, электр энергиясы мен жанар-жағармайға жоғары баға
Аграрлық бизнес-инкубаторлар мен технопарктердің пайда болуы түрінде агроөнеркәсіптік кешенге инновациялық технологияларды енгізу	Аграрлық секторға жаңа технологияларды енгізу процестерін жүргізуге қабілетті жұмысшылардың жетіспеушілігі
Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың экономикалық және ұйымдастырушылық факторларын қалыптастыру және пайдалану	Технологиялық қамтамасыз етудің жеткіліксіз деңгейі, агроөнеркәсіп кешенін машина жасау және өнеркәсіптік қызмет көрсету саласындағы тоқырау
Мемлекеттің ауыл шаруашылығы аймақтарының және олардың аумағында орналасқан тауар өндірушілердің әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдау саясатын жүзеге асыруы	Агроөнеркәсіптік кешендегі өндірушілердің жетекшілерге бөлінуі және шаруашылық қызметінің табыстылығының әртүрлі деңгейіне байланысты артта қалуы
Бәсекеге қабілеттілікті енгізу үшін шетелдерде әлеуетті пайдалы өткізу нарықтарының аздығы	Бәсекеге қабілеттілікті енгізу үшін шетелдерде әлеуетті пайдалы өткізу нарықтарын құру
	Авторлар тарапынан 12-13 әдебиеттер негізінде құрастырылды.

Агроөнеркәсіптік кешеннің дамуына ықпал ететін басты факторлардың бірі – азық-түлік нарығын реттеуге бағытталған мемлекеттік және жеке бағдарламалардың тиімділігі жеткіліксіз болып тұр. Мұндай бағдарламалардың ішінде өңірлер арасындағы сауда кедергілері бар, олар қазіргі және жаңа тауар өндірушілердің нарыққа шығуын қиындатады, бұл өз кезегінде тамақ өнеркәсібінің жалпы дамуына кері әсерін тигізіп отыр. Экспортқа енгізілген шектеулер де өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Бұл жағдай таза экспорттаушы аймақтарда бағаның төмендеуіне, ал таза импорттаушы аймақтарда бағаның өсуіне әкеледі, нәтижесінде тауарлар мен қызметтерге сұраныс төмендейді. Аймақтық ауыл шаруашылығының маңызды проблемаларының бірі – жердің деградациясы. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы үшін пайдаланылатын мыңдаған гектар жер тозған. Көптеген мелиоративтік жүйелер құлдырап, қышқылданған топырақтардың ауданы ұлғайып отыр. Пайдаланылған топырақтан қоректік минералдардың жоғалуы олардың қалпына келу жылдамдығынан төрт есе асып түседі. Бұл жағдайлар, негізінен, тыңайтқыштардың ескірген немесе сапасыз қолданылуы, атмосфераға зиянды заттардың түсуі, сондай-ақ жауын-шашын арқылы топыраққа түсетін су көлемінің артуымен байланысты.

Аймақтық агроөнеркәсіптік кешеннің өзекті мәселелерінің бірі – оның инновациялық даму әлеуетінің төмендігі. Көптеген кәсіпорындар мен кешендерде ескірген технологиялар мен өсімдік сорттары пайдаланылады, өндіріс пен басқару әдістері тиімді қолданылмайды. Өнеркәсіпте жаңа технологияларды қолдану айтарлықтай төмен. Сондай-ақ, ірі кешендер, жеке өндірушілер мен шағын фермерлердің ауыл шаруашылығы өндірісінде инновациялық техника мен технологияларды енгізу қарқыны баяу. Бұл бүкіл аймақтық агроөнеркәсіптік кешеннің кейбір салаларының деградациясына, өндіріс шығындарының өсуіне, өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне, ауылдық аймақтардағы өмір сапасының төмендеуіне және облыстардың әлеуметтік-экономикалық дамуының бәсеңдеуіне әкелді [4,15].

Осы мәселелерді шешу агроөнеркәсіптік кешенді және оның құрамдас бөліктерін дамытуға бағытталған өңірлік бағдарламаларды іске асыру арқылы мүмкін. Мұндай бағдарламалар шеңберінде келесі перспективалық бағыттарды қарастыруымыз қажет:

- ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру мен шығаруды ұлғайту, ауылдарды белгілі өнім шығаруға бағыттау – бұл импортты алмастыруға және ескірген жабдықтарды жаңартуға мүмкіндік береді;
- өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, балық шаруашылығы және басқа қосалқы салаларды қарқынды дамыту – өңірлік өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және жаңа нарықтарға шығуына ықпал етеді;
- ауылдық аймақтардың өмір сүру жағдайлары мен инфрақұрылымын жақсарту – бұл жаңа инвесторларды тарту және ұлттық, халықаралық іс-шараларды өткізу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін;
- агроөнеркәсіптік кешендегі өндірістің өнімділігі мен тұрақтылығын арттыру – мелиорация арқылы топырақ құнарлылығын арттыру, табиғи ауытқулар мен климат өзгерістерінің зиянды әсерін азайту, сондай-ақ отандық селекциялық дақылдардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.

Инновациялық қызметті мемлекеттік реттеудің халықаралық тәжірибесі көрсеткендей, инновациялық процестер тек мемлекеттік қаржыландыру есебінен ғана емес, жеке сектордың инвестицияларын тарта отырып та табысты дамуы мүмкін. Аграрлық ғылым мен ауыл шаруашылығы өндірісін байланыстыратын мақсатты бағдарламалар мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалану мүмкіндігін арттырады. Бұлармен, мемлекеттік келісімшарттар арқылы технологияларды, өнімдер мен қызметтерді сатып алу жүйесін арттыра-мыз. Жеке аймақтарды қолдау шаралары әдетте аймақтың ЖІӨ деңгейі Еуропалық Одақ орташа көрсеткішінің 75%-дан төмен болған жағдайда, өнеркәсіптік

өндіріс төмендегенде, жұмыссыздық жоғары деңгейде, халық тығыздығы аз болғанда қолданылады. Мұндай бағдарламалар, әдетте, қаржыландыру үлесі бойынша 50% – ЕО қаражаты және 50% – жергілікті немесе жеке қаражат қатынасында жүзеге асырылады [16].

Бұл бағдарламалардың негізгі ерекшелігі – олар іргелі ғылыми зерттеулерге бағдарланған. ЕО елдерінде инновацияларды коммерциялық мақсатта басқаруға арналған бағдарламаларды қаржыландыруға ресми түрде тыйым салынған, себебі мұндай жобаларды жеке сектор қаржыландыруы мүмкін деп санады. Бірақта, ішінара мемлекеттік ресурстарды қолдануға рұқсат берілетін ерекше жағдайлар бар, мысалы, қоғамдық маңызды мәселелерді кешенді шешуге бағытталған ірі бірлескен жобалар (мемлекеттік және жеке ұйымдардың қатысуымен).

Экспорт көлемі бойынша әлемде үшінші орында тұрған Канада тәжірибесі ерекше назар аудартады, өйткені бұл елде мемлекеттік реттеу және аграрлық секторды қолдаудың тиімді әдістері мен формалары кеңінен дамыған. Канададағы шаралар көбінесе аймақтық және провинциялық бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады. Бағдарламалардың басым бағыттары ғылыми зерттеулер жүргізу, инновацияларды енгізу, фермерлердің кәсіби біліктілігін арттыру, сондай-ақ ауыл шаруашылығындағы тәуекелдерді басқаруды қамтиды. Ауыл шаруашылығы бағдарламаларын қаржыландыруда провинциялардың үлесі шамамен 50%-ды құрайды. Канада үкіметі аграрлық сектордағы табысты нығайту үшін бірнеше шараларды қолданады: ғылыми-зерттеу кооперацияларын дамытуға қолдау көрсету; басым салалардағы қаржылық тәуекелдерді бөлісу; провинциялармен бірлесіп инновацияларға инвестицияларды ынталандыру үшін салықтық және қаржылық механизмдерді ұсыну; жеке сектордағы жоғары білікті кадрларды ұстап, олардың экономикалық өсуге қосқан үлесін қамтамасыз ету. Сонымен қатар, іргелі және қолданбалы зерттеулер саласында технологияларды тиімді жеткізу үшін мемлекеттік және университеттік зертханалар фирмалармен ынтымақтастық орнатады, бұл компанияларға ең заманауи құрал-жабдықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді [17].

Қазақстандық тәжірибе көрсеткендей, инновациялық процестерді енгізу көп уақыттар бойы шектеулі деңгейде жүзеге асырылып жатыр, өнертабыстар саны бойынша еліміз басқа дамыған мемлекеттерден артта қалып отыр. Мысалы, 2000-жылдардың ортасында XXI ғасырдағы Қазақстанның ұлттық өнертабыс өтінімдерінің әлемдік көлеміндегі үлесі 5,8% құрады, ал салыстыру үшін Жапонияның көрсеткіші – 30,6%. Ұлттық өтініш берушілердің атына берілген қауіпсіздік құжаттарының үлесі 22,8% болды (АҚШ – 15,1%, Жапония – 19,3%), ал 1990 жылдардың соңында бұл көрсеткіш 2,6%-ға дейін төмендеді (АҚШ – 15,2%, Жапония – 44,6%). Елімізде ғылымды қаржыландыру бойынша үлкен қаржыландырулар (гранттық конкурстар) нәтижесінде өнертабыстылық, зерттемелік нәтижеліктер саны артқанымен, оларды ауыл шаруашылығы тәжірибелеріне енгізу фактілері өте аз. Қаржыландыру бағыттары орынды емеспа деген ойлар туындатады. Қазіргі уақытта бизнес-құрылымдар технологиялық инновацияларға бейімделу деңгейлері төмен жағдайда. 2022 жылдан бастап Қазақстандағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың жалпы санының тек 5,4%-ы технологиялық инновацияларды әзірлеу және енгізу бойынша қызмет атқарды. Бұл көрсеткіш Германия (71,8%), Бельгия (53,6%), Эстония (52,8%), Финляндия (52,5%) және Швеция (49,6%) деңгейлерінен едәуір төмен. Сонымен қатар, жаңа өнеркәсіптік технологияларды сатып алуға инвестиция салатын кәсіпорындардың үлесі 2023 жылы жалпы кәсіпорындар санының 11,8%-ын құрады [18].

Экономикалық дамыған елдерде, мысалы, АҚШ, Франция, Италия, Жапония, Германия, Ұлыбритания, Норвегия, Дания және басқаларында агроөнеркәсіптік кешенді басқару шешімдері нақты мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған. Бұл шешімдер бастапқы кезеңде ауылшаруашылық кәсіпорындарын құру кезінде, кейінірек негізгі кәсіпорындарды ұйымдастыру, қабылдау және іске асыру кезеңінде болжанған көрсеткіштерді қамтамасыз етуге арналған. Теориялық тұрғыдан қарағанда, микро деңгейде аграрлық кәсіпорынды (фирма, кооператив, корпорация және т.б.) құру және оның қызметі – бұл негізінен пайда табу процесімен байланысты. Макродеңгейде агроөнеркәсіптік жүйелерді басқару дамыған елдерде бірнеше негізгі мақсатқа бағытталады, бұл арқылы ауыл шаруашылығы өндірісінің табыстылығы қамтамасыз етіледі. Біріншіден, ішкі нарықта ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын өндіріс шығындарын өтеуге және өндірушілерге пайдалы нәтиже алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін деңгейде ұстап тұру қарастырылады. Екінші жағынан, бюджет қаражаты арқылы тікелей мемлекеттік субсидиялар ұсынылып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын жасанды төмендету жолымен өндірістің тиімділігін арттыру жүзеге асырылады. Аталған әдістер, негізінен, экономикалық дамыған елдерде аграрлық секторды мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттарын анықтайды.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік қолдау мен даму бағдарламаларының болуы ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты әрі табысты дамуына ықпал етеді. Дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде аграрлық сектордың ЖІӨ-дегі үлесі бірнеше пайызды ғана құрайды, бұл азық-түлік мәселелеріне тап болатынын білдірмейді. Керісінше, заманауи технологиялар мен өндірістік процестерді қолдану, АӨК-ке салыстырмалы түрде инвестициялар салу арқылы тиімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қазақстанда қазіргі кезде жалпы ішкі өнімдегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің жартысына жуығы жеке шаруашылықтар арқылы өндіріледі. Өкінішке орай,, өнімді бастапқы өңдеу, сақтау және сату мүмкіндіктерінің шектеулігі салдарынан фермерлердің табысы төмен деңгейде қалып отыр. Көп жағдайда шағын шаруашылықтар мемлекеттік қолдауға қол жеткізе алмайды. Мысалы, сүт пен ет өндірісінің 70–80%-ы жеке шаруашылықтармен жүзеге асырылады, алайда өнімді дайындау және өткізу мәселелері жолға қойылмағандықтан, бұл көлем өңдеу кәсіпорындарына толық жетпейді. Нәтижесінде өңдеуші кәсіпорындар тек 60%-дық қуатпен жұмыс істейді (сүт – 35-тен 60%-ға дейін, ет – 10-нан 60%-ға дейін).

Мұнда айта кетуіміз қажет, өндірістің өнімділігін арттыру мақсатында жеке шаруашылықтарды кооперацияға біріктіру және бір орталықтан басқару тиімді. Бұл жүйе сүт пен ет өнімдерін бір орталықтан жинау, өңдеу және тарату мүмкіндігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ отбасылық бордақылау алаңдарын ұйымдастыруға көмектеседі. Ауыл шаруашылық кооперативтеріне сауда алаңдарына қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін республика бойынша көтерме-тарату орталықтары құрылуы қажет. Бұл орталықтарда ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау, қаптау, сату және тасымалдау бойынша барлық технологиялық операциялар шоғырландырылады [18].

Қазақстанда ресурстық әлеуеттік негігілері қатарында ауыл шаруашылығындағы тракторлар, комбайндар және басқа да техникалық құралдардың айтарлықтай

саны бар, алайда олардың жеткіліктілігі төмен. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша, 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 688,7 мыңнан астам ауыл шаруашылығы техникасы тіркелген, ал машина-трактор паркінің орташа тозуы шамамен 80%-ға жетеді. Ең ескірген техникалық құралдардың үлесі: тракторлар – 79%, комбайндар – 54%, сепкіштер – 86%, орақтар – 63%. Ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану нормативтік мерзімі амортизациялық есеппен 10–12 жылды құрайды. 2025 жылы ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруге қажет техниканың 17 343 бірлігі сатып алынды, бұл 2024 жылғы 17 171 бірлікке қарағанда сәл жоғары. Сол жылы АӨК субъектілері "ҚазАгроҚаржы" АҚ лизингтік қызметтері арқылы барлық техникалардың 39,2%-ын сатып алды (17 343 бірліктің 6 806-сы). Оның ішінде 4 250 бірлік ауыл шаруашылық техникасы отандық өндірістен алынған [19].

Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірудің экономикалық тиімділігі тікелей фермерлердің трактор паркінің жаңару деңгейіне тәуелді. Бірқатар факторларды, оның ішінде фермерлердің қолма-қол ақшасының шектеулі болуын ескере отырып, техниканың парктен шығу қарқыны оны жаңарту қарқынынан асып түсуде. Шағын және орта шаруашылықтар көбінесе ескірген техникамен, соның ішінде ДТ-75 және Т-150К сияқты ауыр тракторлармен жабдықталған. Олар ауыр дискілі тырмалармен және БДТ-4 немесе КТС-4 қопсытқыштарын пайдалана отырып, терең өңдеуді жүргізеді, бұл жанармай шығындарының өсуіне және дақылдардың өнімділігінің төмендеуіне әкеледі.

Қазақстан Республикасының 2023–2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес, инвестициялық субсидиялау және ауыл шаруашылығы техникасы лизингі бағдарламаларын кеңейту аясында "ҚазАгроҚаржы" компаниясы ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту деңгейін 6%-ға арттыра алады. Бұл егіс пен жинау мерзімдерін оңтайлы ұйымдастыруға, сондай-ақ жанармай мен қосалқы бөлшектерге кететін шығындарды 15–20%-ға төмендетуге мүмкіндік береді. Ел аумағының төрттен бір бөлігі дала жерлері, жартысы шөлейт және шөлді аймақтар, қалған төрттен бір бөлігі тау бөктерлері болып бөлінеді. Жалпы алғанда, Қазақстан аумағының 80%-ы ауыл шаруашылығы жерлері ретінде саналады, бұл 200 млн гектардан асады. Алайда ресми статистика бойынша, осы жерлердің тек 40%-ы, яғни шамамен 96 млн гектары ғана ауыл шаруашылығы айналымында пайдаланылып жатыр.

Өнімділіктің үлкен ауытқуы кейбір жылдары тек ауа райының қолайсыздығымен ғана емес, сонымен қатар егін жинау мен кейінгі кезеңдердегі барлық өндірістік операцияларда технологиялық жабдықтардың жеткіліксіз болуымен байланысты. Жергілікті және шетелдік нарықтарда өнімдерді қайта өңдеу және сату процесстері де жетілдіруді қажет етеді. Мысалы, Қазақстанда көкөніс және жеміс-жидек өндірісінің тек 2–3%-ы қайта өңдеуден өтеді. Дегенмен, бұл төмен өңдеу көрсеткішіне қарамастан, ел дәнді дақылдар мен ұн өнімдерін ірі өндірушілер мен экспорттаушылар қатарына кіреді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау, қайта өңдеу және тиеп-жөнелту бойынша өндірістерді ұйымдастыру ынталандырылады. Мемлекет мал шаруашылығын, ет пен сүт өнімдерін, өсімдік шаруашылығы өнімдерін және жүнді қайта өңдеу бойынша кәсіпорындарды құруға кететін шығындардың 20–50%-ын қаржылай қолдайды.

Дамыған елдерде ЖІӨ өсімінің 50%-дан 90%-ға дейінгі бөлімі инновациялар мен технологиялық прогрестің есебінен қамтамасыз етіледі. Осыған байланысты ғылыми-технологиялық дамудың бағыттарын анықтау, инновациялық технологияларды қолданатын салаларды анықтау мәселелері ерекше өзектілікке ие болып отыр. Мұндай салалар тек әлеуметтік-экономикалық тиімділікті ғана емес, сонымен қатар экономиканың «жасыл» өсімін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Зерттеулер көрсеткендей, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану деңгейіне қарамастан, жалпы энергия тұтынудың өсуі байқалады, сондай-ақ өндірістік қалдықтардың көлемін 2021 жылға дейін төмендету бойынша айтарлықтай өзгерістер болмаған. АӨК саласындағы «жасыл экономикаға» өту мәселелерін зерттеу үшін барлық факторларды жан-жақты талдау және тиімді өту стратегиясын әзірлеу қажет. Бұл мақсатта процестің негізгі қозғаушы күші ретінде цифрландыруды белсенді енгізу аса маңызды [20].

Соңғы 10 жылдағы ауыл шаруашылығының даму жағдайы өсім тенденциясын көрсетеді: 2015–2025 жылдар аралығында оның жалпы өнім көлемі (ағымдағы бағамен) 3,8 есе, ал өндірістік азық-түлік өнімдерінің құны 2,8 есе өсті. Өнім құнының өсу қарқынына бағалардың көтерілуі айтарлықтай әсер етсе де, базалық бағалар бойынша есептегенде де өнім құнының тұрақты өсуі байқалады. Осылайша, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі зерттелген кезеңде 1,8 есе, ал азық-түлік өнеркәсібінің өнім көлемі 1,4 есе артқан [21].

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді өңдеуші кәсіпорындар белгілейтін төмен сатып алу бағалары қанағаттандырмайды, себебі бұл бағалар шикізат өндірушілердің электр энергиясы, су, технологиялық жабдықтар және басқа шығындарын жабуға жетпейді. Өндірушілер мен өңдеушілер арасындағы өзара тиімді экономикалық байланыстардың болмауы өңдеуші кәсіпорындардың өндірістік қуатының төмен жүктелуіне, сонымен қатар импорттық өнімдердің үлесінің өсуіне әкеледі.

Қазақстандағы АӨК негізгі мәселелерінің бірі – ауыл шаруашылығы өндірісінің ұсақ тауарлы сипаты. Бұл мәселені шешу үшін шағын шаруашылықтарды ауыл шаруашылығы кооперативтеріне біріктіру ұсынылады. Аталған мәселенің маңыздылығын ескере отырып, төмендегідей ұсыныстар жасалады: ұлттық және өңірлік ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту бағдарламаларын әзірлеу және қабылдау, олардың негізгі мақсаты кооперативтік процестердің тұрақты дамуын қамтамасыз ету және АӨК-тің тұрақтылығын арттыру болып табылады [22].

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуда қаржылық ресурстардың жетіспеушілігі мен шектеулі болуы негізгі кедергілердің бірі екендігін алға тартамыз. Бұл мәселелер бірнеше аспектілерде көрініс табады:

- азық-түлік өнімдерін өндіру мен өткізу арқылы түскен ақша қаражатының жеткіліксіздігі, ол тауарларға белгіленген төмен баға мен сатылымға қойылған шектеулерге тікелей байланысты;
- ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының негізгі құралдары ескіргендіктен, жаңа технологиялар мен заманауи жабдықтарды сатып алуға қажетті қаржылық ресурстардың жетіспеуі;
- кәсіпорындар арасында қарыздардың жоғары деңгейі;
- меншікті айналым қаражатының шектеулі болуы.

Қарыздардың көп бөлігі мерзімі өтіп кеткен төлемдерге өсімпұл түрінде жинақталады. Бұл жағдай өндірістің маусымдық сипаттарын және агроөнеркәсіптік кешенге түсетін ақша ағындарын толық есепке алмауды ескермейтін салық жүйесінің ерекшеліктерімен байланысты. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының банктік шоттары уақытша бұғатталып, не-

сиенің ақшалай емес түрлері пайда болып, көлеңкелі экономикалық операциялар мен тауар айырбастау көлемінің өсуіне жол ашады, бұл өз кезегінде саладағы қаржылық тұрақтылыққа кері әсер етеді.

"Аграрлық саланың ресурстық әлеуеті" ұғымын нақтылау қажет. Біздің көзқарасымыз бойынша, аграрлық саланың ресурстық әлеуеті – экологиялық және әлеуметтік-экономикалық жүйенің кеңейтілген өндірісі үшін қажетті ресурстардың сандық және сапалық құрамының жиынтығы. Мұнда кәсіпорындардың өнімі халықты азық-түлікпен және өнеркәсіп үшін кейбір шикізат түрлерімен қамтамасыз ету барысында аграрлық саланың жиынтық қоғамдық өнімінің шекті көлемін анықтайды. Осылайша, біз АӨК-тің өнеркәсіптік-өндірістік ішкі жүйелерінің ресурстық әлеуеті деп техникалық, еңбек, материалдық-энергетикалық және басқа ресурстар кешенін тиімді пайдалану арқылы өндірістік қызметтің әлеуеттік мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған компоненттер жиынтығын түсінеміз.

Аймақтардың агроөнеркәсіп кешенінің ресурстық әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың әдістемесі ретінде келесі көпфакторлы регрессиялық модель ұсынылады:

Модель: $Y = \beta_0 + \beta_1 X_1 + \beta_2 X_2 + \beta_3 X_3 + \beta_4 X_4 + \varepsilon$

Мұнда:

- Y – агроөнеркәсіптік кешеннің тиімділік деңгейін немесе ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемін сипаттайтын нәтижелік көрсеткіш;
- X_1 – негізгі капиталға бағытталған инвестициялар көлемі;
- X_2 – еңбек ресурстарының өнімділігі;
- X_3 – новациялық қызметке жұмсалған шығындар;
- X_4 – мемлекеттік қолдау мөлшері;
- ε – кездейсоқ ауытқуды білдіреді;
- β_0, $\beta_1 ... \beta_4$ – тәуелсіз айнымалылардың ықпалын сипаттайтын регрессиялық коэффициенттер.

Ұсынылып отырған модельдің негізгі мақсаты – ресурстық факторлардың агроөнеркәсіптік кешеннің даму деңгейіне әсерін сандық тұрғыда бағалау. Бұл тәсіл факторлардың әсер ету дәрежесін анықтауға, олардың статистикалық маңыздылығын тексеруге және алынған нәтижелер негізінде тиімді басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ. Жүргізілген зерттеу нәтижелері агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуы тікелей ресурстық әлеуетті тиімді қалыптастыру мен стратегиялық басқаруға байланысты екенін көрсетті. Қазіргі кезеңде АӨК-тің басты проблемаларына техникалық базаның ескіргендігі, инвестициялық белсенділіктің төмендігі, инновациялық процестердің баяу енгізілуі және қаржылық ресурстардың шектеулілігі жатады.

Ресурстық әлеуетті жүйелі басқару өндірістік, еңбек, материалдық және инновациялық ресурстар арасындағы оңтайлы пропорцияларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік қолдау, цифрландыру және ғылыми-инновациялық саясат аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда шешуші рөл атқарады. Осыған байланысты өңірлік АӨК-ті дамыту үшін келесі шаралар қажет:

- ресурстарды стратегиялық басқару механизмін жетілдіру;
- инвестициялық және инновациялық белсенділікті күшейту;
- кооперативтік қатынастарды дамыту;
- цифрлық технологияларды кеңінен енгізу.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының тұрақты жұмыс істеуі басқарушы субъектіден ресурстарды мақсатты пайдалану деңгейін реттейтін заманауи басқару жүйелерін құруды талап етеді. Ресурстық әлеуетті стратегиялық басқару – оны дамыту перспективаларын іске асыру және тиімділігін арттыру мақсатында барлық құрамдас бөліктерді жүйелі басқару қызметі болып саналады. Қазіргі жағдайда шаруашылық жүргізуші субъектінің ресурстық әлеуетін тиімді басқару нақты деректерді нормативтермен салыстыруға негізделуі керек, өйткені тек алдыңғы кезең деректерімен салыстыру жеткілікті негіз болмайды. Объективті ақпарат басқарушылық шешімдер қабылдау үшін сенімді құрал болуы тиіс.

Ресурстық әлеуетті қалыптастыру және микроэкономикалық жүйелердегі базалық ресурстық пропорцияларды оңтайлы анықтау стратегиялық менеджменттің құзыретіне жатады. Бұл міндеттер тек аграрлық сектордың тұрақты және тиімді дамуын қамтамасыз ететін кешенді іс-шаралар шеңберінде ғана сәтті шешілуі мүмкін. Агроэкономикалық жүйелердің тұрақтылығын сақтау ең алдымен кәсіпорындарды шаруашылық жағдайларының болжанатын өзгерістеріне бейімдеуге мүмкіндік беретін өтемдік механизмдерді құру арқылы іске асады. Мұндай бейімделудің негізгі тетігі – ресурстарды қайта бөлу, тактикалық басқару және ресурстық пропорцияларды түзету арқылы шаруашылық жүргізуші субъектінің әлеуетін тиімді пайдалану болып табылады. Экономикалық ғылымның өзіде түйінді мәселе – қоғамдық өндірістің шығындары мен нәтижелерін өлшеп, оның тиімділігін бағалау болып саналады. Бұл үшін қажетті құралдарды әзірлеу әрдайым теориялық және практикалық маңызы бар іс болып келді, ал қазіргі нарықтық қатынастар мен мемлекеттік реттеудің экономикалық әдістерінің рөлінің артуымен бұл мәселелерді тәжірибеде арттыру бағыттарын дамыту мен дұрыс жолға қою біз үшін, келешек ұрпақтарымыз үшін табыстылыққа жетуімізге алып барар жол.

Қорытындылай келе, агроөнеркәсіптік өндірістің стратегиялық тиімділігін арттыруда – интеграцияны дамыту қажеттігінеде байланысты екендігін жеткіземіз. Ұйымның интеграциялану бағыты мен формасы оның қатысушыларының экономикалық мүдделеріне тәуелді болады. Сондықтан ресурстық әлеуетті реформалау аясында әртүрлі жұмыс түрлері мен қызметтер нарығын қалыптастыру, тиімді жұмыс істеу, тауар өндірушілердің материалдық-техникалық, жер, еңбек, энергетикалық және көлік ресурстарын барынша толық қамтамасыз ету, сонымен қатар оларға жауапкершілікті арттыру міндеттері шешілуі тиіс. Жүргізілген ресурстық әлеуетті пайдалану тиімділігіне талдау АӨК-те экономикалық дағдарыстың туындауына және оның әсерін азайтуға кедергі келтіретін басты себептердің бірі – саланың техникамен және материалдық ресурстармен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі екенін көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан халқына жолдауы, 14.12.2012 ж.
2. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. Алимкулова Ш.И., Тажибаев С.Д., Танатова С.О. Проектирование инновационного развития ресурсного потенциала Жамбылской области // Education. Quality Assurance. - 2025. - № 4(41). - С. 83-89. DOI 10.58319/26170493_2025_4_83
4. Балабекова Д.Б. Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешеннің ресурстық әлеуетін дамыту: Монография. – Шымкент: Орталық Азия инновациялық университеті, 2024. – 120 б. ISBN 978-601-378-020-7
5. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы, 2025 ж.

6. Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003–2015 жылдарға арналған стратегиясы. – Астана, 2003. – http://kz.government.kz/
7. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2014 ж., 1 тамыз.
8. Абакарова Р.Ш. Роль аграрной политики в обеспечении продовольственной безопасности России // Теория и практика общественного развития. – 2015. – № 11. – С. 104–106. – https://cyberleninka.ru/article/n/rol-agrarnoy-politiki-v-obespechenii-prodovolstvennoy-bezopasnosti-rossii/viewer
9. Богомолова Е.В., Толстых Т.Н. Идентификация потенциала конкурентоспособности предпринимательских структур как резерва // Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки. – 2011. – № 2. – С. 58–69. – https://cyberleninka.ru/article/n/identifikatsiya-potentsiala-konkurentosposobnosti-predprinimatelskih-struktur-kak-rezerva
10. Шатрова А.П. Управление ресурсами организаций рынка гостиничных услуг: автореферат канд. экон. наук. – Сибирский федеральный университет, 2016. – 168 с. – https://www.dissercat.com/content/upravlenie-resursami-organizatsii-rynka-gostinichnykh-uslug
11. Надворная Г.Г., Климчук С.В., Оборин М.С., Гварлиани Т.Е. Теория и методология оценки экономического потенциала предприятий // Экономические и социальные перемены: факты, тенденции, прогноз. – 2016. – № 6 (48). – С. 70–90. – DOI: 10.15838/esc.2016.6.48.4
12. Смагин Б.И. Производственная функция как основа описания технологических закономерностей аграрной сферы производства // Технологии пищевой и перерабатывающей промышленности АПК – продукты здорового питания. – 2014. – № 4. – С. 94–100.
13. Лещева М.Г. Теоретические и методологические аспекты развития интеграционных процессов в АПК : дис. д. эк. наук. – Ставропольский гос. ун-т, 2016. – 396 с.
14. Александрова М.В. Основные направления государственного регулирования и поддержки АПК в России и за рубежом // Экономика, социология и право. – 2015. – № 3. – С. 14–18.
15. Годовой отчет акционерного общества «Аграрная кредитная корпорация» за 2025 год.
16. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы.
17. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің статистика комитеті. – 2025 ж.
18. Айтуар А., Болатбай О., Семеряк В., Адхикари А., Сулеймен А. Фундаментальные факторы структурной трансформации, зависящие от стадии развития: эмпирические свидетельства на основе однофакторных логистических регрессий // Государственное управление и государственная служба. – 2025. – Т. 4(95). – С. 89–101. – https://doi.org/10.52123/1994-2370-2025-1540
19. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі. – https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/press/news/details/942129?lang=kk
20. Сапарова Г.К., Сапарова Д.А., Сагина С.А. Цифровизация АПК Казахстана в условиях перехода к «зеленой экономике» // Вестник университета «Туран». – 2022. – № 3(95). – С. 175–186. – https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-3-175-186
21. Сельское, лесное и рыбное хозяйство Республики Казахстан за 2015–2025 гг.: стат. сб. [Электронный ресурс] / Комитет по статистике МНЭ РК. – 2025. – http://www.stat.gov.kz
22. Акимбекова Г.У., Баймуханов А.Б., Каскабаев У.Р. Объединение фермеров в сельхозкооперативы с целью эффективного использования земельных, водных и других ресурсов села // Проблемы агрорынка. – 2021. – № 4. – С. 185–199. – DOI: 10.46666/2021-4.2708-9991.21

REFERENCES:

1. Qazaqstan Respublikasy prezidenti – elbasy N.Ä. Nazarbaev. «Qazaqstan – 2050» strategiyasy: qaliptasqan memlekettin jaña sayasi bagyty. Qazaqstan xalqyna zholdauy, 14.12.2012.
2. Qazaqstan Respublikasynyn agroönërkäsiptik keshenin damytudyn 2017–2021 jıldarğa arnalğan memlekettik bağdarlaması.
3. Sh.I. Alimkulova, S.D. Tazhibayev, S.O. Tanatova. Design of Innovative Development of the Resource Potential of the Zhambyl Region. Education. Quality Assurance. 2025, No. 4(41), pp. 83–89. DOI: 10.58319/26170493_2025_4_83
4. Balabekova D.B. Qazaqstannyn agroönërkäsiptik keshennin resurstyk áleuettiń damytu: Monografiya. – Shymkent: Ortalyq Aziya innovaciyalyq universiteti, 2024. – 120 b. ISBN 978-601-378-020-7
5. QAZAQSTAN RESPUBLIKASY Strategiyalyq josparlau jäne reformalar agenttiginiń ulttyq statistika biurosy, 2025.
6. Qazaqstan Respublikasynyn industrialdyq-innovaciyalyq damuyynyń 2003–2015 jıldarğa arnalğan strategiyasy. – Astana, 2003. – http://kz.government.kz/
7. Qazaqstan Respublikasyn industrialdyq-innovaciyalyq damytudyn 2015–2019 jıldarğa arnalğan memlekettik bağdarlaması, 2014 j., 1 tamyz.
8. Abakarova R.Ş. Rol' agrarnoy politiki v obespechenii prodovolstvennoy bezopasnosti Rossii // Teoriya i praktika obshchestvennogo razvitiya. – 2015. – № 11. – S. 104–106. – https://cyberleninka.ru/article/n/rol-agrarnoy-politiki-v-obespechenii-prodovolstvennoy-bezopasnosti-rossii/viewer
9. Bogomolova E.V., Tolstykh T.N. Identifikaciya potenciala konkurentosposobnosti predprinimatelskih struktur kak rezerva // Vestnik Tambovskogo universiteta. Seriya: Gumanitarnye nauki. – 2011. – № 2. – S. 58–69. – https://cyberleninka.ru/article/n/identifikatsiya-potentsiala-konkurentosposobnosti-predprinimatelskih-struktur-kak-rezerva
10. Shatrova A.P. Upravlenie resursami organizaciy rynka gostinichnyh uslug: avtoreferat kand. ekon. nauk. – Sibirsky federal'nyy universitet, 2016. – 168 s. – https://www.dissercat.com/content/upravlenie-resursami-organizatsii-rynka-gostinichnykh-uslug
11. Nadvornaya G.G., Klimchuk S.V., Oborin M.S., Gvarliani T.E. Teoriya i metodologiya otsenki ekonomicheskogo potenciala predpriyatiy // Ekonomicheskie i sotsial'nye peremeny: fakty, tendencii, prognoz. – 2016. – № 6 (48). – S. 70–90. – DOI: 10.15838/esc.2016.6.48.4
12. Smagin B.I. Proizvodstvennaya funkciya kak osnova opisaniya tehnologicheskih zakonomernostey agrarnoy sfery proizvodstva // Tekhnologii pishchevoy i pererabatyvayushchey promyshlennosti APK – produkty zdorovogo pitaniya. – 2014. – № 4. – S. 94–100.
13. Leshcheva M.G. Teoreticheskie i metodologicheskie aspekty razvitiya integracionnyh processov v APK: dis. d. ek. nauk. – Stavropol'skiy gos. un-t, 2016. – 396 s.
14. Aleksandrova M.V. Osnovnye napravleniya gosudarstvennogo regulirovaniya i podderzhki APK v Rossii i za rubezhom // Ekonomika, sociologiya i pravo. – 2015. – № 3. – S. 14–18.
15. Godovoy otchet akcionernogo obshchestva «Agrarnaya kreditnaya korporaciya» za 2025 god.
16. Qazaqstan Respublikasynyn agroönërkäsiptik keshenin damytudyn 2021–2025 jıldarğa arnalğan ulttyq zhobasy.
17. QAZAQSTAN RESPUBLIKASY Ulttyq ekonomika ministrliginiń statistika komiteti. – 2025.
18. Aytuár A., Bolatbay O., Semeryak V., Adhikari A., Suleimen A. Fundamental'nye faktory strukturnoy transformacii, zavisyashchie ot stadii razvitiya: empiricheskie svidetel'stva na osnove odnofaktornyh logisticheskih regressiy // Gosudarstvennoe upravlenie i gosudarstvennaya sluzhba. – 2025. – T. 4(95). – S. 89–101. – https://doi.org/10.52123/1994-2370-2025-1540
19. Qazaqstan Respublikasy Auyl sharuashylygy ministrligi. – https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/press/news/details/942129?lang=kk
20. Saparova G.K., Saparova D.A., Sagina S.A. Tsifrovizaciya APK Kazakhstana v usloviyah perehoda k «zelenoy ekonomike» // Vestnik universiteta «Turan». – 2022. – № 3(95). – S. 175–186. – https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-3-175-186
21. Selskoe, lesnoe i rybnoe khozyaistvo Respubliki Kazahstan za 2015–2025 gg.: stat. sb. [Elektronnyy resurs] / Komitet po statistike MNE RK. – 2025. – http://www.stat.gov.kz
22. Akimbekova G.U., Baymukhanov A.B., Kaskabayev U.R. Obyedinenie fermerov v sel'khozkooperativy s tsel'yu effektivnogo ispol'zovaniya zemel'nyh, vodnyh i drugih resursov sela // Problemy agrorynka. – 2021. – № 4. – S. 185–199. – DOI: 10.46666/2021-4.2708-9991.21

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Иманбаев Алий Асанович*, к.э.н., и.о. доцента кафедры «Экономика и управление» Центрально-Азиатского инновационного университета, Шымкент, Казахстан. E-mail: ali_askar78@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0941-4213

Балабекова Дина Буркитбаевна, к.э.н., ассоц. профессор кафедры «Экономика и управление» Центрально-Азиатского инновационного университета, Шымкент, Казахстан. E-mail: ageka1947@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0002-1457-3777

Иманбаев Алий Асанович*, э.ғ.к., Орталық Азия инновациялық университетінің «Экономика және басқару» кафедрасының доцент м.а., Шымкент, Қазақстан, E-mail: ali_askar78@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0941-4213

Балабекова Дина Буркитбаевна, э.ғ.к., Орталық Азия инновациялық университетінің «Экономика және басқару» кафедрасының қауымд.профессоры, Шымкент, Қазақстан. E-mail: ageka1947@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0009- 0002-1457-3777

Imanbayev Aliy Asanovich*, Candidate of Economic Sciences, Acting Associate Professor of the Department of Economics and Management, Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: ali_askar78@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0941-4213

Balabekova Dina Burkitbayevna, c.e.s., Ass. Professor of the Department of Economics and Management, Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: ageka1947@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0002-1457-3777

Таскулова Гулия Махамбетовна, к.э.н., доцент кафедры «Экономика и управление» Центрально-Азиатского инновационного университета, Шымкент, Казахстан. E-mail: gulya.maxambetovna@bk.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0004-39585-6612

Таскулова Гулия Махамбетовна, э.ғ.к., Орталық Азия инновациялық университетінің «Экономика және басқару» кафедрасының доценті, Шымкент, Қазақстан. E-mail: gulya.maxambetovna@bk.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0004-39585-6612;

Taskulova Guliya Makhambetovna, c.e.s., Ass. Professor of the Department of Economics and Management, Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: gulya.maxambetovna@bk.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0004-39585-6612

МРНТИ 06.54.31
УДК 339.13

DOI 10.58319/26170493_2026_3_90

ASSESSMENT AND DEVELOPMENT OF THE TECHNOLOGICAL POTENTIAL OF KAZAKHSTAN: PROSPECTS AND OPPORTUNITIES

Mergenbaeva A.T.[1], Umarova G.H.[1]*, Do Huong Lan[2]

[1]South Kazakhstan research university named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan; [2]University of Finance and Marketing, Vietnam, Hanoi

ABSTRACT. The purpose of the article is to assess and identify the possibility of developing the technological potential of Kazakhstan. The research methods include a set of principles, general scientific and special approaches, and techniques of scientific knowledge. The article proposes a methodology for assessing the technological potential of Kazakhstan developed by the author, the advantage of which is its versatility and the ability to use private indices to assess specific components or individual elements, depending on the objectives of the analysis, available information and the current situation in the country's economy. The article also presents the dynamics of the introduction of innovations in industrial enterprises of Kazakhstan and identifies the industries that are leaders in this indicator. Particular attention is paid to the technological potential of Kazakhstan through the prism of the transformation of the sectoral structure of industrial production in the country. It is noted that the growth in the share of the manufacturing industry and the reduction in the share of the energy and raw materials sector are noticeable. In addition, the structure of the high-tech sector of the processing industry of the Republic is considered and it is found that the largest share is in the production of computers, electronic and optical products. The promising directions for the development of Kazakhstan's technological potential are separately substantiated and measures to achieve the set goals are formalized.

KEYWORDS: technologies, potential, economy, Kazakhstan, market, index, industry.

Оценка и развитие технологического потенциала Казахстана: перспективы и возможности

Мергенбаева А.Т.[1] , Умарова Г.Х.[1]*, До Хуонг Лан[2]

[1]Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан; [2]Университет финансов и маркетинга, Вьетнам, Ханой

АННОТАЦИЯ. Целью статьи является оценка и выявление возможности развития технологического потенциала Казахстана. Методы исследования включают набор принципов, общих научных и специальных подходов, а также методов научного знания. В статье предложена разработанная автором методика оценки технологического потенциала Казахстана, преимуществом которой является ее универсальность и возможность использования частных индексов для оценки конкретных компонентов или отдельных элементов в зависимости от целей анализа, имеющейся информации и текущей ситуации в экономике страны. В статье также представлена динамика внедрения инноваций на промышленных предприятиях Казахстана и определены отрасли, являющиеся лидерами по данному показателю. Особое внимание уделено технологическому потенциалу Казахстана через призму трансформации отраслевой структуры промышленного производства в стране. Отмечается, что заметен рост доли обрабатывающей промышленности и сокращение доли энергетического и сырьевого сектора. Кроме того, рассмотрена структура высокотехнологичного сектора перерабатывающей промышленности республики и установлено, что наибольшая доля приходится на производство компьютеров, электронной и оптической продукции. Отдельно обоснованы перспективные направления развития технологического потенциала Казахстана и формализованы меры по достижению поставленных целей.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: технологии, потенциал, экономика, Казахстан, рынок, индекс, промышленность.

Қазақстанның технологиялық әлеуетін бағалау және дамыту: перспективалар мен мүмкіндіктер

Мергенбаева А.Т.[1], Умарова Г.Х.[1]*, До Хуонг Лан[2]

[1]М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; [2]Университет қаржы және меркетинг, Вьетнам, Ханой

Аңдатпа.Мақаланың мақсаты Қазақстанның технологиялық әлеуетін дамыту мүмкіндігін бағалау және анықтау болып табылады. Зерттеу әдістері қағидаттар жиынтығын, жалпы ғылыми және арнайы тәсілдерді, сондай-ақ ғылыми білім әдістерін қамтиды. Мақалада Қазақстанның технологиялық әлеуетін бағалаудың автор әзірлеген әдістемесі ұсынылған, оның артықшылығы оның әмбебаптығы және талдау мақсаттарына, қолда бар ақпаратқа және ел экономикасындағы ағымдағы жағдайға байланысты нақты компоненттерді немесе жекелеген элементтерді бағалау үшін жеке индекстерді пайдалану мүмкіндігі болып табылады. Мақалада сондай-ақ Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындарында инновацияларды енгізу серпіні ұсынылған және осы көрсеткіш бойынша көшбасшы болып табылатын салалар айқындалған. Елдегі өнеркәсіптік өндірістің салалық құрылымын трансформациялау призмасы арқылы Қазақстанның технологиялық әлеуетіне ерекше назар аударылды. Өңдеу өнеркәсібі үлесінің өсуі және энергетикалық және шикізат секторы үлесінің қысқаруы байқалады. Бұдан басқа, республиканың қайта өңдеу өнеркәсібінің жоғары технологиялық секторының құрылымы қаралды және неғұрлым көп үлестің компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер өндірісіне келетіні анықталды. Қазақстанның технологиялық әлеуетін дамытудың перспективалық бағыттары жеке негізделген және қойылған мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі шаралар ресімделген.

Түйін сөздер: технологиялар, әлеует, экономика, Қазақстан, нарық, индекс, өнеркәсіп.

INTRODUCTION. Currently, modern civilization is at the beginning of a technological revolution based on "green" technologies and Industry 4.0. The rapid pace of progress leads to the fact that many activities, industries, industrial sectors, and the skills they require are becoming obsolete. McKinsey research shows that more than 50% of